

## Қармақшы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою деп тану туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 295 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қармақшы ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" Қармақшы ауданы әкімінің 2013 жылғы 12 шілдедегі № 8 қаулысы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 13 тамызда № 4489 тіркелді, 2013 жылғы 9 қарашасында №102 "Қармақшы таңы" газетінде жарияланған;

2) "Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" Қармақшы ауданы әкімдігінің 12 шілде 2013 жылғы № 8 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 267 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 17 наурызда № 4616 тіркелді, 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 25 (9279) "Қармақшы таңы" газетінде жарияланған.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімі аппаратының басшысы Б. Шерниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы ауданы әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы*

*Ә. Қошалақов*